

**«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымына
ақылы негізде оқуға қабылдау және оқушыларды ауыстыру ережесі**

1. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымына (бұдан әрі - ДББҰ) ақылы негізде оқуға қабылдаудың осы ережесі (бұдан әрі - Ереже) 2011 жылғы 19 қаңтардағы «Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» мен «Назарбаев Қорының» мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 2-тармағына, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының Қамқоршылық кеңесінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы №2 шешімімен бекітілген «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ жеке және заңды тұлғаларға қызметтерді (жұмыстар мен тауарларды) сату бойынша ақылы қызметті ұсыну және қызметтерді (жұмыстар мен тауарларды) сатудан түскен қаражатты жұмсау ережелеріне сәйкес және негізгі қызметі білім беру болып табылатын ДББҰ филиалдарына оқуға қабылдауды ұйымдастыру тәртібін анықтайды (бұдан әрі - Зияткерлік мектептер).

2. Осы Ереже ДББҰ-ның «Астана қаласындағы Халықаралық мектебі» филиалына оқуға қабылдау тәртібіне қолданылмайды.

2-1. Осы ережеде келесі түсінік қолданылады:

1) «Alumni Nazarbayev Intellectual Schools» қоғамдық бірлестігінің гранты – қайырымдылық және/немесе демеушілік көмек түрінде алынған Назарбаев Зияткерлік мектептерінің 7-12 сыныптарында дарынды оқушылардың оқуына ақы төлеуге бөлінетін және өтеусіз негізде берілетін ақшаның нысаналы сомасы.

3. Зияткерлік мектептерде ақылы негізде оқуға қабылдау осы Ереженің 1-қосымшасындағы үлгіге сәйкес заңды өкілдің өтініш беруі арқылы жүзеге асырылады.

Сыныптарда бос орындар болған жағдайда Зияткерлік мектептердің 1-5 және 6-9, 11 сыныптарына ақылы негізде оқуға қабылдау жүзеге асырылады.

Назарбаев Зияткерлік мектептердің осы сыныптарында білім алатын оқушыларынан басқаларды 10, 12 сыныптарға ақылы негізде оқуға қабылдау жүзеге асырылмайды.

Зияткерлік мектептің 11-сыныбына келесілер үміткер бола алады:

1) негізгі орта білімді аяқтау туралы құжаты бар басқа білім беру ұйымдарының 9-сыныбында оқуды аяқтаған немесе құжаттарды қабылдау кезінде 10-сыныпта оқитын оқушылар;

2) Зияткерлік мектептердің 10-сыныбын аяқтаған немесе құжаттарды қабылдау кезінде «Өркен» білім грантымен оқитын 11-сынып оқушылары.

3) Астана халықаралық мектебінің оқушылары.

Халықаралық Бакалавриат дипломдық бағдарламасын жүзеге асыратын Астана қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 11-сыныбына қабылдау оқу жылы басталғанға дейін жүзеге асырылады.

Халықаралық Бакалавриат дипломдық бағдарламасын жүзеге асыратын Астана қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 12-сыныбына Халықаралық Бакалавриат дипломдық бағдарламасы бойынша білім алатын оқушылар ғана қабылданады.

Оқушыларды оқуға қабылдау бос орындардың санына байланысты бір оқу жылына жарамды өтінішін тіркеу реттілігін, күні мен уақытын ескеріп, белгіленген кезек арқылы жүзеге асырылады.

Ақылы негізде білім алуға соңғы оқу жылын бір пәннен «қанағаттанарлықсыз» бағаға аяқтаған орта білім беру ұйымдарының оқушысы үміттеніп алмайды.

Зияткерлік мектептер бағалау критерилері, парақтарын құрастырады және оқушыларды қабылдау кезінде оқушының дайындық деңгейін анықтау үшін интервью/сұхбат/тест өткізеді.

Директор бұйрығымен Зияткерлік мектептің педагогтері арасынан комиссия құрылады және комиссия хатшысы анықталады. Комиссия мүшелері интервью/сұхбат/тестілеу нәтижесі бойынша бағалау парақтары мен ведомость толтырады. Комиссия хатшысы хаттама мен ведомость жинағын рәсімдейді. Хаттама мен ведомость жинағына комиссия төрағасы мен хатшысы қол қояды. Комиссия оқушының білімін бағалау процедурасының негізінде ақылы негізде оқуға қабылдау немесе ақылы негізде оқуға қабылдаудан бас тарту туралы шешім қабылдайды. Хаттама оқушының жеке ісінде сақталады.

Өтініштер осы Ереженің 2-қосымшасындағы үлгіге сәйкес тіркеу журналына енгізіледі.

4. Оқушыларды ақылы негізде оқуға қабылдау барысында басымдық келесі кезектегі үміткерлерге беріледі:

1. «Alumni Nazarbayev Intellectual schools» ҚБ (бұдан әрі – ҚБ) гранты бар үміткерлер;

2. Астана қаласының халықаралық мектебі оқушылары.

Гранты бар оқушылардың ата-аналары өтінішке ҚБ кепілдік хатын қоса тіркеуі тиіс.

ҚБ гранты негізінде білім алатын үміткердің заңды өкілі осы Ереженің 9-қосымшасына сәйкес ақылы қызмет көрсету туралы келісім-шартқа (бұдан әрі – ҚБ келісім-шарты) қол қояды.

5. Ақылы негізде білім алу үшін заңды өкілдердің өтініштерін қабылдау жыл бойы жұмыс күндері жүзеге асырылады. Өтініштерді қабылдау мерзімі туралы хабарландыру Зияткерлік мектептердің интернет-ресурстарында жарияланады.

6. Өтініш түскен күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде оқушының заңды өкіліне бос орын болған жағдайда Зияткерлік мектеп директорының оқуға қабылданғаны туралы жазбаша келісімі немесе электрондық пошта арқылы орынның жоқтығы туралы хабарламасы жіберіледі.

7. Зияткерлік мектеп оқушыларының қатарына қабылдау ДББҰ "Назарбаев Зияткерлік мектептерінің оқу сыныптары мен жатақханада тұру топтарын толықтыруды бекіту туралы" бұйрығына сәйкес бос орындарға Зияткерлік мектеп директорының бұйрығымен рәсімделеді.

Үміткердің заңды өкілі мектепке қабылданғаны туралы оң шешім алғанан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес тиісті мектеп директорының атына өтініш береді.

Өтініш берушінің заңды өкілі осы Ереженің 4 (7-12 сынып оқушылары үшін) және 5-қосымшаларына (1-6 сыныпқа дейінгі сыныптар оқушылары үшін) сәйкес ақылы білім беру қызметтерін көрсету туралы келісім-шартқа қол қояды. Заңды өкіл бұл келісім-шартқа электрондық цифрлық қолтаңбасын қолданып электрондық нұсқасына немесе қағаздағы нұсқасына қол қоюына болады.

Оқушыны мектепке қабылдау барысында Зияткерлік мектеп директоры бекіткен жауапты қызметкерлер оқушы мен оның заңды өкілін келесі құқықтық актілермен таныстыруға міндетті:

- 1) оқу бағдарламалары;
- 2) оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесі;
- 3) оқушыларға арналған ішкі тәртіп ережелері;
- 4) академиялық адалдықтың сақталуы;
- 5) мектептен шығарудың негіздері;
- 6) жатаханада тұру;
- 7) оқушыны Зияткерлік мектептер арасында ауыстыру;
- 8) оқушыларды қорғау саясаты;
- 9) бракераж комиссиясының жұмысын ұйымдастыру.

Қол қойылған келісім-шарттың көшірмесі осы Ереженің 6-қосымшасындағы үлгіге сәйкес тіркеу журналына енгізіледі және заңды өкілге қолтаңба қоюсыз берілмейді. Қағаздағы нұсқада қол қойылған келісім-шарт осы Ереженің 6-қосымшасына сәйкес тіркеу журналында тіркеледі. Қағаз нұсқасындағы келісім-шартқа қол қойылғанда келісім-шарттың екінші нұсқасы заңды өкілге беріледі.

Электрондық нұсқада қол қойылған келісім-шарттың есебі осы Ереженің 6-1 қосымшасына сәйкес автоматтық түрде электрондық жүйеде жүргізіледі.

8. Келісім-шарт бойынша Зияткерлік мектеп көрсететін білім беру қызметтерінің құны «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының Қамқоршылық кеңесінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы №2 шешімімен бекітілген «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ жеке және заңды тұлғаларға қызметтерді (жұмыстар мен тауарларды) сату бойынша ақылы қызметті ұсыну және қызметтерді (жұмыстар мен тауарларды) сатудан түскен қаражатты жұмсау ережелеріне сәйкес ДББҰ Басқарма шешімімен бекітіледі.

9. Ақылы негізде білім алатын Зияткерлік мектеп оқушысын басқа Зияткерлік мектепке ауыстыру Халықаралық Бакалавриат дипломдық бағдарламасын жүзеге асыратын Астана қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 10, 12 сыныптарынан басқа мектептерде тиісті бос орындар болған жағдайда жүзеге асырылады.

Халықаралық Бакалавриат дипломдық бағдарламасын жүзеге асыратын Астана қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 11-сыныбына ауыстыру оқу жылы басталғанға дейін жүзеге асырылады.

Оқушыны ауыстыру туралы өтініш осы Ереженің 7-қосымшасындағы үлгіге сәйкес заңды өкіл толтырған оқушыны ауыстыру туралы өтінішінде көрсетілген Зияткерлік мектепке тапсырылады.

Оқушыларды ауыстыру туралы өтінішті Зияткерлік мектептің оқушылар контингентін есепке алуға жауапты қызметкер қарастырады.

9-1. Зияткерлік мектепте ваканттық орын болған жағдайда ауыстыру туралы шешім өтініштің тіркелген күні мен нөмірін ескеріп бекітілген кезегіне сәйкес қабылданады.

9-2. Заңды өкіл Зияткерлік мектеп ішінде оқушыны оқу қазақ тіліндегі сыныптан оқу орыс тіліндегі сыныпқа немесе керісінше ауыстыру үшін өтінішті ағымдағы оқу жылы аяқталғаннан келесі оқу жылы басталғанға дейін өтініш тапсыруға құқылы.

Өтініш Зияткерлік мектеп директорының атына осы ереженің 8-қосымшасына сәйкес тапсырылады.

9-3. Тиісті орын болған жағдайда өтініш түскен күннен бастап 15 (он бес) календарлық күн ішінде заңды өкілге ауыстыруға келісу туралы директордың атынан келісім немесе электрондық адресіне орынның жоқтығы туралы хабарлама жіберіледі.

9-4. Оқушыларды қабылдау осы Ереженің 7 тармағында анықталған тәртіппен жүзеге асады.

10. Зияткерлік мектептерде ақылы негізде оқитын оқушылардың үлгерімі туралы есебі «Өркен» білім грантымен оқитын оқушылардан бөлек жүргізіледі.

11. Зияткерлік мектеп әкімшілігі оқушыларды және олардың заңды өкілдерін Зияткерлік мектеп туралы ережемен, сондай-ақ ДББҰ оқу үдерісін ұйымдастыруды реттейтін басқа құжаттармен таныстыруы тиіс.

12. Осы Ережемен реттелмеген мәселелерді ДББҰ бекітілген құқықтық актілеріне және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Зияткерлік мектеп әкімшілігі, ДББҰ шешеді.

2021 жылғы 30 шілде күнгі
№ 39 хаттамасымен бекітілген
«Назарбаев Зияткерлік мектептері»
дербес білім беру ұйымына ақылы негізде оқуға
қабылдау және оқушыларды ауыстыру ережесінің
1-қосымшасы

_____ қаласындағы _____ бағытындағы
Назарбаев Зияткерлік мектебінің
директоры _____
(директордың аты-жөні)
Заңды өкілден
Фамилиясы _____
Аты _____
Әкесінің аты _____
Тіркелген мекен-жайы _____
Нақты тұрғылықты мекен-жайы _____
Телефоны _____
Жеке куәлігі № _____
Берілген (кім, қашан) _____
e-mail _____

ӨТІНІШ

_____ жылы туған менің балам (толық аты-жөні) _____

_____ қаласындағы _____
бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің _____ сыныбындағы оқу
қазақ/орыс (қажет тілдің астын сызыңыз) тіліндегі бос орынға ақылы оқуға
қабылдау мүмкіндігін қарастыруды сұраймын.

Осы өтініштің оқу жылы бойы мен көрсеткен сынып үшін жарамды
екенімен таныстым.

Қосымша:

*Білім беру мекемесі басшысының қолымен және мөрімен расталған оқушының өткен оқу
жылының (оқу жылы аяқталған жағдайда) немесе ағымдағы оқу жылының үлгерім
табелінің көшірмесі.*

(қолы)

« _____ » _____ Ж.
(өтініш берген күні)

2021 жылғы 30 шілде күнгі
 № 39 хаттамасымен бекітілген
 «Назарбаев Зияткерлік
 мектептері» дербес білім беру
 ұйымына ақылы негізде оқуға
 қабылдау және оқушыларды
 ауыстыру ережесінің 2-
 қосымшасы

**ОҚУШЫЛАРДЫ АҚЫЛЫ ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ БОЙЫНША
 ӨТІНІШТЕРДІ ТІРКЕУ ЖУРНАЛЫ**

№	Үміткердің аты-жөні	Үміткердің ЖСНі	Оқу сыныбы	Оқу тілі	Байланыс деректері	Заңды өкілдің қолы	Құжаттарды қабылдау күні	Құжаттарды қабылдау уақыты	Құжаттарды қайтару күні	Заңды өкілдің қолы
---	---------------------	-----------------	------------	----------	--------------------	--------------------	--------------------------	----------------------------	-------------------------	--------------------

2021 жылғы 30 шілде күнгі
№ 39 хаттамасымен бекітілген
«Назарбаев Зияткерлік мектептері»
дербес білім беру ұйымына
ақылы негізде оқуға қабылдау және оқушыларды ауыстыру
Ережесінің 3-қосымшасы

_____ қаласындағы _____ бағытындағы
Назарбаев Зияткерлік мектебінің
директоры _____
(директордың аты-жөні)

(Заңды өкілінің аты-жөні)

Нақты тұрғылықты мекенжайы _____
телефон _____
e-mail _____
ЖСБ _____

ӨТІНІШ

Менің балам _____
(ТАӘ толығымен)

туған күні 20__ жылдың _____ қаласындағы
_____ оқыту тіліндегі _____
бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің _____ сыныбында ақылы негізде
оқуға қабылдауды сұраймын.

Заңды өкіл ретінде оқушыны қабылдағаннан кейін төменгілерді қамтамасыз етуді
міндеттенемін:

- 1) Зияткерлік мектептерде орнатылған оқушымен мектеп формасын сақтауды;
- 2) Академиялық адалдық бойынша Ережемен орнатылған талаптарды оқушымен орындауды;
- 3) Оқушымен және оның заңды өкілімен оқушыларға арналған ішкі Ережелерді, Ақылы білім беру қызметтерін көрсету туралы Келісім-шартта қарастырылған талаптарды орындауды;
- 4) Зияткерлік мектептің Медициналық қызметіне оқушы туралы заңды өкіл жазбаша түрде баланың физикалық, психикалық жай -күйіне әсер ететін тұқым қуалайтын, созылмалы аурулары және медициналық құжаттарды растай отырып орындалатын (жалғасатын) емдеу әдістері туралы ақпарат беруді. Егер растайтын құжаттарды ұсыну мүмкін болмаса, оқушымен Зияткерлік мектептің Медициналық қызметі ұсынған медициналық мекемелерде медициналық тексеруден өтуін қамтамасыз етуге міндеттенемін;
- 5) Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында және Зияткерлік мектептердің нормативтік құқықтық актілерімен қарастырылған басқа міндеттемелерді сақтауға.

Мен жоғарыда аталған құқықтық актілермен таныстым және баламның жеке деректерін жинауға және өңдеуге келісімімді беремін.

«_____» _____ 20__ ж.

Қолы _____

2021 жылғы 30 шілде күнгі
№ 39 хаттамасымен бекітілген
«Назарбаев Зияткерлік мектептері»
дербес білім беру ұйымына ақылы
негізде оқуға қабылдау және
оқушыларды ауыстыру
Ережесінің 4-қосымшасы

**№ _____ ақылы негізде білім беру қызметін
көрсету жөніндегі келісім-шарты**

_____ қ. 20__ ж. «__» _____

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ _____ қ
_____ бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі филиал
директорының атынан бұдан әрі «Мектеп», филиал туралы Ережесі және _____ жылдың
№ _____ сенімхат негізінде әрекет ететін _____
(директордың толық аты-жөні) бір жағынан, екінші жақтан _____ жылы туған,
_____ (оқушының ТАӘ) Оқушының мүддесінде әрекет ететін _____
(заңды өкілдің ТАӘ) бұдан әрі «Заңды өкіл» деп аталатын жеке куәліктің (төлқұжаттың)
№ _____ және берілген күні _____ негізінде, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп
аталатын екінші жақтан, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Назарбаев
Университеті мәртебесі туралы», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және «Назарбаев
қоры» заңдарына, _____ жылдың № _____ ДББҰ Басқарма шешімімен бекітілген
«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ ақылы негізде оқуға қабылдау Ережесіне сәйкес
келесідей Келісім-шарт жасалды:

1. Келісім-шарттың мәні

1.1. Мектеп Оқушыға білім беру қызметтерін Мектептің жатақханада/жатақханасыз тұру жағдайында(сыз)* (бұдан әрі-Қызметтер) мектептің оқу жоспарына сәйкес осы Келісім-шартта белгіленген күндізгі/экстернат түрінде (керегін белгілеңіз) білім беру қызметін ұсынады, ал Заңды өкіл осы Келісім-шарттың 1-қосымшада көрсетілген тәртіппен және шарттары бойынша (жатақханамен) немесе 2-қосымшада көрсетілген тәртіппен және шарттарда (жатақханасыз) қызметтердің толық құнын төлейді.

Ескерту: *Оқушыға жатақханада орын Назарбаев Зияткерлік мектептерінің жатақханаларының қызметін ұйымдастыру ережесіне (бұдан әрі - Жатақханалар қызметін ұйымдастыру ережесі) сәйкес бос орын болса беріледі.

1.2. Оқушы _____ сыныпқа _____ оқыту тілімен қабылданады.

1.3. Мектеп осы Келісім-шарттың 1.1 тармағында көрсетілген білім беру қызметтерін Заңды өкілдің ұсынылған қызметтердің алдын ала төлемі негізінде көрсетеді..

1.4. Оқу жылының қорытындысы бойынша Мектептің педагогикалық кеңесі Оқушыны келесі сыныпқа ауыстыру туралы шешім қабылдайды немесе осы Келісім-шарттың 4.3 тармағында көрсетілген негіздер туындаған жағдайда мектептен шығарылады.

1.5. Мектеп іске асырылып жатқан білім беру бағдарламалары бойынша оқуды сәтті аяқтаған және қорытынды аттестаттаудан өткен оқушыға тиісті білім деңгейі туралы құжатты береді.

1.6. Мектеп ақылы негізде Заңды өкілмен жеке келісім бойынша осы Келісім-шарттың мәні болып табылмайтын басқа қызметтерді көрсетуге құқылы.

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

2.1. Мектеп міндетті:

2.1.1. Заңды өкілден бастапқы төлемнің сомасы мен кепілдік жарна түскеннен кейін оқу жоспары, оқу бағдарламасы мен сабақ кестесіне сәйкес Оқушының білім алуын қамтамасыз етуге;

2.1.2. Мектеп асханасында оқушыны таңғы ас, түскі ас және түстен кейінгі астан тұратын күнделікті үш мезгіл тамақпен, егер оқушы жатақханада тұрса таңғы ас, түскі ас, түстен кейінгі ас, кешкі ас және екінші кешкі аспен қамтамасыз ету;

2.1.3. Назарбаев Зияткерлік мектептерінің оқушыларына арналған ішкі ережеге (бұдан әрі - Ішкі ереже) сәйкес оқушыларды бірыңғай мектеп формасымен қамтамасыз етуге;

2.1.4. мектеп кітапханасының қорын пайдалану ережесінде белгіленген тәртіпте Оқушыны мектеп кітапханасы қорынан оқулықтармен және пайдалану құқығындағы басқа да оқу материалдарымен қамтамасыз етуге;

2.1.5. Оқушы үшін сау және қауіпсіз оқу ортасын құруға Медициналық және Психологиялық қызметтердің жұмысын ұйымдастыруға:

1) оқушылардың денсаулығын қорғауға және нығайтуға бағытталған бастапқы емдеу-профилактикалық, сауықтыру, санитарлық-гигиеналық және эпидемияға қарсы шаралар кешенін жүзеге асыру бойынша Медициналық қызметі;

2) оқушылардың бейімделу, даму және әлеуметтену мақсатында жеке қасиеттерін кешенді психологиялық тексеруден өткізу және түзету бойынша Психологиялық қызметі.

Оқушыны медициналық және психологиялық қолдау осы Келісім-шарттың 3-қосымшасына сәйкес оның заңды өкілінің жазбаша келісімі болған жағдайда жүзеге асырылады;

2.1.6. білім беру қызметтерін көрсету кезінде Оқушының жеке басын құрметтеуге, оның жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оны барлық физикалық және психологиялық зорлық-зомбылықтың түрлерінен қорғауға, Оқушының моральдық, физикалық және психологиялық денсаулығын, эмоционалды жағдайын нығайтуға жағдай жасауға;

2.1.7. оқу тәртібінің іс жүзіндегі нормативіне сәйкес Оқушыны демалу және тамақ ішу үзілістерімен қамтамасыз етуге;

2.1.8. Оқушының мектептегі ғылыми, мәдени және спорттық іс-шараларға қатысуға мүмкіндік беруге;

2.1.9. Заңды өкілді оқу бағдарламасының Келісім-шарттарымен, бағалаумен, Ішкі ережемен, жатақханалардың қызметін ұйымдастыру ережесімен, сондай-ақ оқу мен тәрбиені ұйымдастыру бойынша негізгі құжаттармен таныстыруды.

2.1.10. Оқушының Заңды өкіліне осы Келісім-шарттың 1.1 тармағында көрсетілген білім беру қызметтерін берудің орынды еместігі туралы, оның жеке ерекшеліктеріне байланысты қызметтерді ұсыну немесе педагогикалық тұрғыдан мүмкін еместігін хабарлауға;

2.1.11. Оқушы Мектеп пен жатақханада болған уақытында оның өмірі мен денсаулығының сақталуын қамтамасыз етуге. Егер Оқушының өмірі мен денсаулығына қауіп төнген факті болған жағдайда, Заңды өкілге ондай қауіп туралы дереу хабар беруге;

2.1.12. Заңды өкілдің араласуын қажет ететін күтпеген жағдайлар туындаған жағдайда, олар туралы Заңды өкілге дереу хабар беруге. Егер Заңды өкіл қандай да бір себептермен осы Келісім-шартта қарастырылған әрекеттерді орындай алмаса, ол басқа тұлғаға ол үшін осындай әрекеттерді орындауды сеніп тапсыруға құқылы. Бұл жағдайда тұлға Заңды өкілдің белгілі бір әрекеттерін жасауға сенімхат Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес нотариалды куәландырылуы тиіс;

2.1.13. «Қаржы орталығы» АҚ білім беру тапсырысын жариялау туралы Заңды өкілге хабарлауға.

2.2. Мектеп құқықтары:

2.2.1. Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерінде қарастырылғандай заңды өкілден бала тәрбиесі жөніндегі міндеттердің тиісті түрде орындалуын талап етуге;

2.2.2. Оқушыдан осы Келісім-шартқа, Ішкі тәртіпке, жатақханалардың қызметін ұйымдастыру ережесіне және мектептің басқа да нормативтік құжаттарына сәйкес міндеттерді адал және тиісінше орындауды, Мектеп пен жатақхана мұғалімдер, қызметкерлер мен оқушыларға дұрыс және құрметпен қарауды талап етуге;

2.2.3. Оқушылардың оқу бағдарламасының мазмұнын игеру үшін оқыту әдістерін өз еркімен анықтауға;

2.2.4. оқу жоспарлары мен оқу процесінің кестесін дербес анықтауға және бекітуге;

2.2.5. Оқушыдан Мектеп пен жатақхана мүлкін құрметтеуді, компьютерлік техникамен жұмыс істеу ережелерін сақтауды талап етуге. Оқушының әрекетінен материалдық залал келтірілген жағдайда, Заңды өкілден Ішкі ережелерде, жатақханалар қызметін ұйымдастыру ережесінде және қолданыстағы Қазақстан Республикасы заңнамада көрсетілген тәртіпте оны қалпына келтіруге кеткен шығындарды өтеуді талап етуге;

2.2.6. Оқушыны оқу, ғылыми және шығармашылық қызметте табысқа жету үшін моральдық көтермелеу шараларды жасау мен ынталандыруға;

2.2.7. Оқушыға осы Келісім-шарттың, Ішкі Ереженің, жатақханалардың қызметін ұйымдастыру Ережелерінің талаптарын бұзғаны үшін тәртіптік шаралар қолдануға;

2.2.8. Назарбаев Зияткерлік мектептеріндегі жазғы мектептің жұмысын ұйымдастыру жөніндегі Нұсқаулыққа сәйкес Жазғы мектептің демалыс кезінде Оқушыларға қосымша білім алу мүмкіндігін ұйымдастыруға;

2.2.9. жатақханалардың қызметін ұйымдастыру Ережелеріне сәйкес бос орындар болса ақылы негізде жатақханада бос орын беруге.

2.3 Заңды өкіл міндетті:

2.3.1. 1-қосымшаға немесе жатақханада тұрған жағдайда 2-қосымшаға сәйкес оқу мен тұру үшін осы Келісім-шарттың 8-бөлімінде көрсетілген төлемдер мен кепілдік жарнаның белгіленген мөлшерде және мерзімде Мектептің есеп айырысу шотына жүргізілуін қамтамасыз етуге;

2.3.2. Егер Халықаралық бакалавриат бағдарламасымен Мектепте оқыған жағдайда, 12-сыныпта ДП (орта мектептің диплом бағдарламасы) алу үшін сыртқы бағалауды ұйымдастыру мен өткізуге осы Келісім-шартқа қосымша келісім жасау арқылы Халықаралық Бакалавриат Ұйымының қызметтеріне ақысын төлеуге, әйтпесе оқушы сырттай бағалау емтихандарына жіберілмейді;

2.3.3. байланыс телефонының және тұрғылықты жерінің өзгегені жайында Мектепке дереу хабарлауға;

2.3.4. Мектептің өтініші бойынша егер Мектептің Оқушының мінез-құлқына немесе оның білім беру қызметтерін алуға көзқарасына қатысты шағымдары болса әңгімеге келуге;

2.3.5. Мектеп пен жатақхананың мұғалімдеріне, әкімшілік-басқарушылық және техникалық қызметкерлеріне құрмет көрсетуге;

2.3.6. Мектептің талаптарына сәйкес Оқушыға қажетті кеңсе тауарларымен қамтамасыз етуге;

2.3.7. Мектепке барар алдында Оқушының сыртқы келбетін күнделікті бақылауға, мектеп формасының жағдайын бақылауға, кір болған жағдайда уақытында жууға, қажет болған жағдайда жөндеуге;

2.3.8. Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген тәртіппен Оқушы Мектепке материалдық залал келтірген жағдайда толық материалдық жауапкершілікке тартылады, оның ішінде Оқушы оқу жабдықтарға, компьютерлік техникаға, сонымен қатар Мектептің кітапхана қорына (кітапхананың оқу залынан әдебиеттерді өз бетінше алып кету, кітаптарды бүлдіру/беттерді жырту/, кітаптың кітапханаға уақытында қайтарылмау, кітапты жоғалту үшін және т.б.) зиян келтіргені үшін жауап беруге;

2.3.9. Мектептегі барлық сабақтарға Оқушының қатысуын қамтамасыз етуге, соның ішінде Оқушының сабаққа дейін жеткузге және сабақтан кейін Мектептен үйге дейін жеткізуге, сонымен қатар Мектептің іргелес аумағында автотұрақ ережелерін сақтауға;

2.3.10. егер Оқушы ауруына байланысты және басқа да дәлелді себептермен сабаққа келмесе Заңды өкіл тәулік ішінде осы жағдайды растайтын құжаттармен кураторға кез-келген тәсілмен (телефон, электронды пошта және т.б.) хабарлауға;

2.3.11. Мектептің іскерлік беделін қолдау және Мектептің іскерлік беделіне нұқсан келтіретін әрекеттерге жол бермеуге;

2.3.12. оқу бағдарламасының шарттарымен, бағалаумен, Ішкі ережемен, жатақханалардың қызметін ұйымдастыру ережесімен, сондай-ақ Мектептегі оқу процесін ұйымдастыру бойынша негізгі құжаттармен танысуды жазбаша түрде растауға;

2.3.13. Мектептің ресми ақпараты болып табылатын ақпаратты жария етуге жол бермеуге;

2.3.14. Оқушының Мектептің құқықтық нормативтік құжаттарында белгіленген талаптарын сақтауы мен орындауын қамтамасыз етуіне көмектесуге;

2.3.15. Мектеппен байланыста болу және Оқушыға тәрбиелік шаралар қолдану арқылы Оқушының сабақтарға қатысуы мен үлгерімін бақылауға;

2.3.16. Орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру шеңберінде Оқушының заңды өкілі Мектепке оның жеке деректерін және Оқушының жеке деректерін (тегі, аты, әкесінің аты, ЖСН, сыныбы және басқа деректер) «Қаржы орталығы» Акционерлік қоғамының сұранысы бойынша ақпарат беруге, жинақтауға, өңдеуге келісімін береді.

2.4. Заңды өкіл құқылы:

2.4.1. дебиторлық қарызды анықтау үшін Мектептің есеп айырысу шотына енгізген сомалардың түскенін салыстырып тексеруге;

2.4.2. Мектеп белгілеген ережелер мен талаптар туралы ақпарат алуға;

2.4.3. белгілі бір оқу пәндері бойынша Оқушының үлгерімі, мінез-құлқы, оқуға деген көзқарасы және оның қабілеттері туралы ақпарат алуға;

2.5. Оқушы міндетті:

2.5.1. Мектептің оқу жоспары мен бағдарламасы шеңберінде білім, практикалық дағдыларды алуға, оқу-практикалық сабақтардың барлық түрлеріне қатысуға, бақылаудың барлық түрлерінен (алғашқы, қалыптастырушы және анықтаушы) уақытында өтуге;

2.5.2. осы Келісім-шарттың талаптарын, Ішкі ережені, жатақханалар қызметін ұйымдастыру ережесін, Мектептің басқа да құқықтық нормаларын сақтауға және орындауға;

2.5.3. сыртқы келбетке қойылатын талаптарды орындауға, күнделікті мектеп формасын киюге, оған ұқыпты қарауға, оқу тәртібі мен жалпы қабылданған мінез-құлық нормаларын сақтауға, Зияткерлік мектеп басшылығының бұйрықтарын, Зияткерлік мектеп туралы ережеде, Ішкі ережелерде, жатақханалар қызметін ұйымдастыру бойынша Ережелер мен осы Келісім-шарт пен Зияткерлік мектептің басқа да нормативтік құжаттарымен қарастырылған талаптарды орындауға, сонымен қатар, Зияткерлік мектептің педагог жұмысшылары, әкімшілік пен техникалық қызметкерлеріне және басқа оқушыларға құрметпен қарауға, олардың абыройы мен қадір-қасиетіне қол салуға;

2.5.4 Мектеп формасын киген кезде келесілерді болдырмауға:

1) алмастырылатын аяқ-киім ретінде арты жоқ аяқ-киім (тәпішке, «сланцы» және т.б.), кроссовкалар, 4,5 см аспайтын өкшесі биік аяқ-киімдерді киюге, діни сипаттағы киімдерді (*хиджаб, никаб, бурка, паранджа, сикх тақиялары мен еврей шляпалары-киппалар, «үлкен» христиандық кресттер және т.б.*) киюге, дене бөліктерін (іш, бел, кеуде) ашып жүруге;

2) көздерін жауып тұрған жағдайда ғана кекілікке, сонымен қатар, панк-прическалар мен бұрымдарға, ұлдарда мұрттар мен сақалдар, шашты әр түрлі жарқын түстерге бояуға, бетті қатты бояуға, татуировкаларға, жарқын безендірулерге, жарқын маникюр мен пирсингтерге;

2.5.5. жатақханада тұрған жағдайда күнделікті режимді сақтауға: 7-00-де ояну, 22-00-де жату (22-00-ден кейін бөлмелерде: музыка, шу, басқа оқушылардың бөлмелеріне бару тыйым салынады);

2.5.6. Мектеп мен жатақхана мүлкіне ұқыпты қарауға, оны ұтымды пайдалануға, оқу орнында, асхана мен кітапханада тазалық пен тәртіпті қамтамасыз етуге;

2.6. Оқушының құқығы:

- 2.6.1. осы Келісім-шарттың 1.1-тармағында көрсетілген сапалы білім беру қызметтерін алуға;
- 2.6.2. Мектептің оқу қызметтерінің барлық мәселелері бойынша Мектеп қызметкерлеріне хабарласуға;
- 2.6.3. өз білімін бағалау және осы бағалау критерийлері туралы толық және сенімді ақпарат алуға;
- 2.6.4. Мектептің және жатақхананың қоғамдық өміріне қатысуға;
- 2.6.5. кестеде көрсетілген сабақтар кезінде оқу процесін қамтамасыз ету үшін қажет Мектептің мүлкін пайдалануға;
- 2.6.6. Мектеп кітапханасының оқу-әдістемелік кітаптары мен оқу қорына еркін кіруге және пайдалануға;
- 2.6.7. қосымша ақыға қосымша білім беру қызметтерін алуға;
- 2.6.8. Мектептің оқушылардың өзін-өзі басқару органдарының жұмысына қатысуға;
- 2.6.9. өз ойы мен сенімін еркін білдіруге;
- 2.6.10. олардың адамдық қадір-қасиетін құрметтеуге;
- 2.6.11. бос орын болған жағдайда жатақханадан ақылы негізде орын алуға;
- 2.6.12. Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілген басқа да құқықтарға ие.

3. Білім беру қызметтеріне ақы төлеу мөлшері, мерзімі мен тәртібі

- 3.1. Оқуға ақы төлеу мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілген барлық салықтар мен алымдарды ескере отырып, теңгемен белгіленеді. Қызметтерге ақы төлеу мөлшері мен мерзімі, сондай-ақ кепілдік жарнаның мөлшері осы Келісім-шарттың 1-қосымшасында (жатақханамен) және 2-қосымшада (жатақханамен) көрсетілген.
- 3.2. Қызметті көрсетуге ақы төлеу:
 - Мектептің есеп айырысу шотына қолма-қолсыз аударым арқылы;
 - қолма-қолсыз онлайн төлем арқылы;
 - фискальды жады бар бақылау-касса машиналарын міндетті түрде қолдана отырып, касса арқылы қолма-қол Заңды өкілге есеп айырысу үшін бақылау чегін беру арқылы жүргізіледі.
- 3.3. Бір реттік оқу ақысының мөлшері үш айлық оқу құнынан төмен болмауы керек (жатақханамен/жатақханасыз).
- Заңды өкіл толық оқу ақысын төлеуге құқылы (жатақханамен/жатақханасыз). Бұл жағдайда ол кепілдік жарнаны төлеуден босатылады.
- 3.4. Кепілдік жарнаның мөлшері үш айлық оқу ақысына (жатақханамен/жатақханасыз төлем) тең және бірінші оқу ақысымен бірге аударылады.
- 3.5. Кепілдік жарнаның мөлшері міндетті аралық төлем сомасы ретінде есепке алынбайды.
- 3.6. егер кепілдік жарнаның мөлшері соңғы төлем ретінде қабылданса, Заңды өкілге оқу ақысын толық төлегеннен кейін (жатақханамен/жатақханасыз төлем) кепілдік жарнаның мөлшері қайтарылады, ,
- 3.7. Экстернат түрінде оқитын оқушының тамақтануын қайта есептеуден басқа оқушы қандай да бір себептермен Мектепке бармаған жағдайда оның оқу ақысының құны (жатақханамен/жатақханасыз төлем) қайта есептелмейді.
- 3.8. Келісім-шарт бұзылған және оқушыны Мектептен шығарған жағдайда төленген оқу ақысы (жатақханамен/жатақханасыз төлем) 15 (он бес) банктік күн ішінде қайтарылып, оқу орнынан шығару туралы Мектеп директорының бұйрығының шыққан күні нақты оқу кезеңі шегеріледі.
- 3.9. Егер Заңды өкіл қарызды өз еркімен төлеуден бас тартса, онда берешек сомасын Мектеп сотпен өндіріп алады.
- 3.10. Оқу жылының ішінде ДББҰ Басқармасының шешімінің негізінде Мектеп оқу ақысының мөлшерін (жатақханамен/жатақханасыз төлем) біржақты түрде өзгерте алады

және бұл туралы Мектеп Заңды өкілге Келісім-шарт сомасының нақты өзгеруіне 15 (он бес) күннен кешіктірмей жазбаша хабарлауы тиіс. Заңды өкілге хабарламамен бір мезгілде қол қоюға осы Келісім-шартқа қосымша келісім мен қосымшаның жаңа редакциясы ұсынылады. Егер Заңды өкіл осы Келісім-шарттың қосымша келісіміне қол қойудан бас тартса, Мектеп біржақты тәртіппен Келісім-шартты бұзады.

4. Тараптардың жауапкершілігі

4.1. Осы Келісім-шарттың 1-қосымшасында көрсетілген оқу ақысын төлеу үшін көзделген мерзім өткеннен кейінгі келесі күннен бастап үш күннен астам мерзімге оқу ақысын төлеу мерзімі өткен жағдайда, мектеп шарттың 1.1-тармағында көрсетілген оқу ақысын төлеу бойынша орындалмаған міндеттеме сомасының 0,1% мөлшерінде мерзімі өткен әрбір күн үшін өсімпұл есептейді, бірақ 1 айдан артық емес. Осы Келісім-шарттың қосымшасында белгіленген төлем мерзімі өткеннен кейін бір ай ішінде кезекті төлем сомасынан асатын берешекті төлемеген жағдайда, Келісім-шарт мектеп тарапынан біржақты тәртіппен бұзылады.

4.2. Мектеп Оқушының сабаққа қатыспауына, сондай-ақ оның жеке оқу нәтижелеріне жауап бермейді.

4.3. Оқушы Мектептен Ішкі ережені бұзғаны, әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны, қылмыстық жазаланатын құқық бұзушылық жасағаны үшін, оқудан себепсіз 10 күннен* көп қалғаны, оқу жылын бір немесе бірнеше пәндер бойынша «қанағаттанарлықсыз» бағамен аяқтағаны үшін мектептен шығарылуы мүмкін, тек оқу жылында оқуға байланысты, оқушыны өз қалауы бойынша басқа оқу орнына ауыспаған жағдайда.

Оқушының шығарылуы Мектептің Педагогикалық кеңесінің шешімі негізінде жүзеге асырылады, тек оқушының өз еркімен кетуі мен басқа оқу орнына ауыспаған жағдайда.

Ескерту: *дәлелді себептерге оқушының ауруы, жақын туыстарының қайтыс болуы, форс - мажорлық жағдайлар жатады.

4.4. Тараптар өз міндеттерін орындамағаны немесе дұрыс орындамағаны үшін осы Келісім-шартпен қарастырылған жағдайларда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

5. Дауларды шешу тәртібі

5.1. Осы Келісім-шартты іске асыру барысында туындайтын келіспеушіліктер мен даулар өзара тиімді шешім әзірлеу мақсатында тараптар алдын-ала қарастырады.

5.2. Тараптар келіссөздер арқылы шешпеген мәселелерді Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешеді.

6. Қолданылу мерзімі, Келісім-шарт талаптарын өзгерту және оны бұзу тәртібі

6.1. Бұл келісім заңды өкіл оқу ақысы мен кепілдік жарнаны төлеуді (оқу ақысын толық төлеу жағдайларын қоспағанда) аударған күннен бастап күшіне енеді және оқу жылының соңына дейін жарамды, бұл уақыт мектептің оқу бағдарламасымен анықталады.

6.2. Осы Келісім-шарттың талаптары тараптардың жазбаша келісімі бойынша өзгертілуі және толықтырылуы мүмкін.

6.3. Мектеп, Оқушы осы Келісім-шартта және Мектептің ішкі ережесінде көрсетілген негіздер бойынша мектептен шығарылған жағдайда, сондай-ақ Заңды өкілдің оқу ақысын төлеудің белгіленген мерзімдерін бұзуы жағдайында бұл Келісім-шартты біржақты бұзылуы мүмкін.

6.4. Келісім-шартты нақты бұзу мерзіміне дейін 1 (бір) ай бұрын кешіктірілмей, Мектептің жазбаша хабарламасымен заңды өкілдің өз бастамасы арқылы Келісім-шарт бұзылуы мүмкін.

6.5. Оқушының мектептен шығару (есептен шығару) туралы Мектеп директорының бұйрығының шығуы Тараптар арасындағы Келісім-шарттық қарым-қатынасты тоқтату сәті болып табылады.

6.6. Келісім-шарт келесі жағдайларда бұзылады:

6.6.1. оқушыны оқудан шығарған кезде;

6.6.2. Мектептің бастамасы бойынша Келісім-шарт бұзылған кезде;

6.6.3. Заңды өкілдің бастамасы бойынша Келісім-шарт бұзылған кезде;

6.6.4. Келісім-шарттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін.

7. Басқа шарттар

7.1. Оқу жылы аяқталған соң, егер директордың бұйрығымен Оқушы келесі сыныпқа көшірілсе Заңды өкілмен келесі оқу жылына тиісті Келісім-шарт немесе қосымша келісім жасалады.

7.2. Осы Келісім-шарт бойынша туындайтын барлық мәселелерді, соның ішінде қаржылық мәселелерді де осы Келісім-шартқа қол қойған Заңды өкіл ғана шеше алады. Басқа ешкім оның ішінде Заңды өкілдің жұбайы (лар) да осы Келісім-шартта көрсетілген әрекеттерді орындауға құқылы емес.

7.3. Егер Заңды өкіл қандай да бір себеппен осы Келісім-шартта көрсетілген әрекеттерді орындай алмаса, ол басқа тұлғаға ол үшін әрекеттерді жасауға тапсыруға құқылы. Бұл жағдайда тұлғаның Заңды өкілдің белгілі бір әрекеттерін жасауға сенімхат Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес нотариалды куәландырылуы тиіс.

7.4. Осы Келісім-шарт бірдей заңдық күшіне ие болатын мемлекеттік және орыс тілінде екі (2) данада жасалды, оның бір (1) данасы заңды өкілге, екінші данасы Мектепке беріледі.

Осы Келісім-шарттың мемлекеттік немесе орыс тілдеріндегі ережелеріне қайшылық туындаған жағдайда, Келісім-шарттың орыс тіліндегі мәтініне басымдылық беріледі.

8. Тараптардың заңды мекен-жайы мен реквизиттері

Мектеп:

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ

«_____ қ. _____

бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалы

Мекен-жайы:

Заңды мекен-жайы:

ҚР, _____ облысы,

қ. _____, _____ көшесі

тел. +7-_____

БИК _____

ИИК KZ _____

БИК KZKOKZKX

Директор

_____ Аты-жөні

(қолы)

Заңды тұлға:

(аты-жөні)

Қазақстан Республикасындағы мекен-жайы:

_____ көше, № _____ үй, № _____ пәтер,
тел. _____, e-mail _____

ЖСН _____

Паспорт/жеке куәлік

№ _____, кім _____, берілген күні _____

Аты-жөні _____

(қолы)

**Оқушыны оқыту төлемақысының көлемі, уақыты және тәртібі
(жатақханасыз)**

(Оқушының аты-жөні)

1. Жалпы төленетін мөлшер суммасы* _____ (_____) теңге
2. Кепілдік жарна _____ (_____) теңге;
3. Оқу үшін келесі төлемдер мен мезгілдер орнатылады:

- 3.1. Алғашқы төлем **20__** жылдың **7** қыркүйегіне дейін _____
(_____) теңге мөлшерінде төленуі тиіс;
- 3.2. Кепілдік жарна* **20__** жылдың **7** қыркүйегіне дейін _____
(_____) теңге мөлшерінде төленуі тиіс;
- 3.3. Аралық төлем **20__** жылдың **03** желтоқсанына дейін _____
(_____) теңге мөлшерінде төленуі тиіс;
- 3.3. Соңғы төлем **20__** жылдың **03** наурызына дейін _____
(_____) теңге мөлшерінде төленуі тиіс;

* -егер оқудың ақысы осы қосымшаның 1 тармағында көрсетілген мөлшерде төленсе кепілдік жарна алынбайды.

4. **20__** жылдың **03** наурызына дейін

алғашқы және аралық юойынша қарыз болмаған жағдайда кепілдік жарнаның мөлшері соңғы төлем орнына қабылдануы мүмкін.

5. Оқушыға академиялық демалыс берілген жағдайда оқудың төлемақысы Назарбаев Зияткерлік мектептердің академиялық демалыс бойынша ережелерге сәйкес тоқтатылады.

Мектеп:

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ
«_____» Қ. _____
бағытындағы Назарбаев Зияткерлік
мектебі» филиалы

Занды тұлға:

_____ (Аты-жөні)
Аты-жөні _____ (қолы)

Директор

Аты-жөні _____ (қолы)

**Оқушыны оқыту төлемақысының көлемі, уақыты және тәртібі
(жатақханамен)**

(Оқушының аты-жөні)

1. Жалпы төленетін мөлшер суммасы* _____ (_____) теңге
2. Кепілдік жарна _____ (_____) теңге;
3. Оқу үшін келесі төлемдер мен мезгілдер орнатылады:

- 3.1. Алғашқы төлем **20__** жылдың **7** қыркүйегіне дейін _____
(_____) теңге мөлшерінде төленуі тиіс;
- 3.2. Кепілдік жарна* **20__** жылдың **7** қыркүйегіне дейін _____
(_____) теңге мөлшерінде төленуі тиіс;
- 3.3. Аралық төлем **20__** жылдың **03** желтоқсанына дейін _____
(_____) теңге мөлшерінде төленуі тиіс;
- 3.3. Соңғы төлем **20__** жылдың **03** наурызына дейін _____
(_____) теңге мөлшерінде төленуі тиіс;

* -егер оқудың ақысы осы қосымшаның 1 тармағында көрсетілген мөлшерде төленсе кепілдік жарна алынбайды.

4. **20__** жылдың **03** наурызына дейін алғашқы және аралық юойынша қарыз болмаған жағдайда кепілдік жарнаның мөлшері соңғы төлем орнына қабылдануы мүмкін.

5. Оқушыға академиялық демалыс берілген жағдайда оқудың төлемақысы Назарбаев Зияткерлік мектептердің академиялық демалыс бойынша ережелерге сәйкес тоқтатылады.

Мектеп:

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ
«_____» Қ. _____
бағытындағы Назарбаев Зияткерлік
мектебі» филиалы

Занды тұлға:

Аты-жөні _____ (Аты-жөні)
_____ (қолы)

Директор

Аты-жөні _____ (қолы)

Занды өкілдің келісімі

баланы психологиялық және медициналық қолдау үшін

Мен (занды өкілдің толық аты -жөні) _____

Менің балама _____ (баланың толық аты - жөні) _____ оқушысына (сынып пен мектепті көрсетіңіз) психологиялық және медициналық көмек көрсетуге келісемін.

1) Психологиялық көмек келесілерді қамтиды:

- жеке психологиялық сипаттамалардың психологиялық диагностикасы;
- оқушыларға, заңды өкілге және педагогтерге жеке, кәсіби өзін-өзі анықтау және басқалармен қарым-қатынас мәселелері бойынша жеке және топтық кеңес беру;
- күйзеліс, жанжал, қатты эмоционалдық уайымдау жағдайында оқушыларға психологиялық көмек көрсету;
- жеке өсу бойынша тренингтер өткізу;
- оқушылар мен мұғалімдердің жеке, интеллектуалдық, эмоционалды-еріктік, шығармашылық дамуын үйлестіру үшін психокоррекциялық және дамытушылық сыныптарды ұйымдастыру;
- педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігінің функционалдық міндеттерінен асатын және мамандардың кең ауқымын қажет ететін мәселелерді шешу үшін одақтас мамандармен (дәрігерлермен, дефектологтармен, логопедтермен, тифлопедагогтармен және басқалармен) өзара әрекеттесу.

2) Медициналық көмек келесілерді қамтиды:

- Зияткерлік мектеп оқушыларының денсаулығын қорғауға және нығайтуға, салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыруға бағытталған емдік-профилактикалық, сауықтыру, санитарлық-гигиеналық және эпидемияға қарсы шаралар кешенін өткізу;
- оқушылардың денсаулық жағдайын, физикалық және жүйке-психикалық дамуын бақылау;
- медициналық көмек көрсету, сауықтыру шараларын ұйымдастыру, олардың тиімділігін бағалау.

3) Педагог - психолог міндетті:

- - оқушыға құрмет көрсету;
- - оның физикалық және психологиялық зорлық-зомбылықтың барлық түрлерінен қорғау, оның жеке және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, психикалық және психологиялық денсаулықты, эмоционалды жағдайды нығайтуға жағдай жасау.

Зияткерлік мектептің психологиялық қызметі оқушылардың жеке басының қасиеттерін кешенді психологиялық тексеру мен түзету мерзімін оқушылардың заңды өкілдеріне міндетті түрде хабарлай отыра анықтайды.

Оқушылардың сауалнамалық деректерін пайдаланған кезде құпиялылық принципі қолданылады (яғни барлық деректер кодталады).

Заңды өкілдің жазбаша рұқсатынсыз Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілген жағдайларды қоспағанда үшінші тұлғаға (мұғалімдерге, мектеп әкімшілігіне) оқушы туралы жеке ақпарат берілмейді.

Мектептің педагогикалық ұжымына ұсынылған психологиялық сараптама нәтижелері белгілі бір жастағы балалардың даму ерекшеліктері туралы жалпыланған (топтық) кодталған қорытындыларды ұсынады.

Құпиялылық келесі жағдайларда бұзылуы мүмкін:

- егер бала өзіне немесе басқаларға ауыр зиян келтіру ниеті туралы хабарласа;
- егер бала онымен немесе басқалармен теріс қылық жасалып жатқан туралы хабарлаған болса;
- егер жұмыс материалдары құқық қорғау органдарынан сұралса.

Мұндай жағдайлар туралы заңды өкілге хабарланады.

4) Медициналық қызметтің қызметкері міндетті:

- заңды өкілден оқушылардың денсаулық жағдайы, созылмалы аурулардың болуы, аллергиялық реакциялар туралы ақпарат алуға;
- заңды өкілге медициналық куәландыру, амбулаториялық қабылдау нәтижелері туралы хабарлауға, сондай-ақ төтенше жағдай туындаған кезде оны медициналық ұйымдарға консультация мен тексеруге жіберуге;
- профилактикалық егулерден ерікті түрде келісілген келісімді немесе бас тартуды алу;
- оқушылардың өмірі мен денсаулығына қауіп төнген жағдайда алғашқы медициналық көмекті дер кезінде көрсету.

5) Заңды өкіл міндетті:

- растайтын медициналық құжаттарды ұсына отырып, баланың денсаулығы, созылмалы аурулар мен аллергиялық реакциялардың болуы туралы толық және сенімді ақпарат беруге;
- профилактикалық егулерден жазбаша түрде келісілген келісімді немесе бас тартуға;
- егер оқушылардың өмірі мен денсаулығына қауіп төнсе Зияткерлік мектепке келуге;
- қажет болған жағдайда Зияткерлік мектепке педагог-психологтар мен Медициналық қызмет қызметкерлерінің өтініші бойынша келуге.

Заңды өкілдің қолы _____

Бұл келісімді мен «___» _____ 20___ бердім және менің баламның Зияткерлік мектепте болған кезеңінде жарамды.

Мен тиісті жазбаша құжатты ресімдеу арқылы келісімді қайтарып алу құқығын сақтаймын, оны мен Зияткерлік мектепке түбіртекпен расталған пошта арқылы жібере аламын немесе Зияткерлік мектеп өкіліне қолхатпен жеке жеткізе аламын.

2021 жылғы 30 шілде күнгі
№ 39 хаттамасымен бекітілген
«Назарбаев Зияткерлік мектептері»
дербес білім беру ұйымына ақылы
негізде оқуға қабылдау және
оқушыларды ауыстыру ережесінің
5-қосымшасы

**№ _____ білім беру қызметін
ақылы негізде көрсету туралы Келісім-шарты**

_____ қ. 20__ ж. «__» _____

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ _____ қ.
_____ бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі филиал
директорының атынан бұдан әрі «Мектеп», филиал туралы Ережесі және _____ жылдың
_____ № _____ сенімхат негізінде әрекет ететін _____
(директордың толық аты-жөні) бір жағынан, екінші жақтан _____ жылы туған,
_____ (оқушының ТАӘ) Оқушының мүддесінде әрекет ететін _____
(заңды өкілдің ТАӘ) бұдан әрі «Заңды өкіл» деп аталатын жеке куәліктің (төлқұжаттың)
№ _____ және берілген күні _____ негізінде, бұдан әрі «Тараптар» деп аталатын,
Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Назарбаев Университеті мәртебесі туралы»,
«Назарбаев Зияткерлік мектептері» және «Назарбаев қоры» заңдарына, _____ жылдың
№ _____ ДББҰ Басқарма шешімімен бекітілген «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ
ақылы негізде оқуға қабылдау бойынша Ережесіне сәйкес келесідей Келісім-шарт жасалды:

1. Келісім шарттың мәні

- 1.1. Мектеп Оқушыға білім беру қызметтерін Мектептің (бұдан әрі-Қызметтер) мектептің оқу жоспарына сәйкес осы Келісім-шартта белгіленген білім беру ұсынады, ал Заңды өкіл осы Келісім-шарттың 1-қосымшада көрсетілген тәртіппен және шарттар бойынша қызметтердің толық құнын төлейді.
- 1.2. Оқушы _____ сыныпқа _____ оқыту тілімен қабылданады.
- 1.3. Мектеп осы Келісім-шарттың 1.1 тармағында көрсетілген білім беру қызметтерін Заңды өкілдің ұсынылған қызметтердің алдын ала төлемі негізінде көрсетеді..
- 1.4. Оқу жылының қорытындысы бойынша Мектептің педагогикалық кеңесі Оқушыны келесі сыныпқа ауыстыру туралы шешім қабылдайды немесе осы Келісім-шарттың 4.3 тармағында көрсетілген негіздер туындаған жағдайда мектептен шығарылады.
- 1.5. Мектеп ақылы негізде Заңды өкілмен жеке келісім бойынша осы Келісім-шарттың мәні болып табылмайтын басқа қызметтерді көрсетуге құқылы.

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

2.1. Мектеп міндетті:

- 2.1.1. Заңды өкілден бастапқы төлемнің сомасы мен кепілдік жарна түскеннен кейін оқу жоспары, оқу бағдарламасы мен сабақ кестесіне сәйкес Оқушының білім алуын қамтамасыз етуге;
- 2.1.2. Мектеп асханасында оқушыны таңғы ас, түскі ас және түстен кейінгі астан тұратын күнделікті үш мезгіл тамақпен қамтамасыз етуге;
- 2.1.3. Назарбаев зияткерлік мектептерінің оқушыларына арналған ішкі ережеге (бұдан әрі - Ішкі ереже) сәйкес оқушыларды бірыңғай мектеп формасымен қамтамасыз етуге;

2.1.4. мектеп кітапханасының қорын пайдалану ережесінде белгіленген тәртіпте Оқушыны мектеп кітапханасы қорынан оқулықтармен және пайдалану құқығындағы басқа да оқу материалдарымен қамтамасыз етуге;

2.1.5. Оқушы үшін сау және қауіпсіз оқу ортасын құруға Медициналық және Психологиялық қызметтердің жұмысын ұйымдастыруға:

1) оқушылардың денсаулығын қорғауға және нығайтуға бағытталған бастапқы емдеу-профилактикалық, сауықтыру, санитарлық-гигиеналық және эпидемияға қарсы шаралар кешенін жүзеге асыру бойынша Медициналық қызметі;

2) оқушылардың бейімделу, даму және әлеуметтену мақсатында жеке қасиеттерін кешенді психологиялық тексеруден өткізу және түзету бойынша Психологиялық қызметі.

Оқушыны медициналық және психологиялық қолдау осы Келісім-шарттың 2-қосымшасына сәйкес оның заңды өкілінің жазбаша келісімі болған жағдайда жүзеге асырылады;

2.1.6. білім беру қызметтерін көрсету кезінде Оқушының жеке басын құрметтеуге, оның жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оны барлық физикалық және психологиялық зорлық-зомбылықтың түрлерінен қорғауға, Оқушының моральдық, физикалық және психологиялық денсаулығын, эмоционалды жағдайын нығайтуға жағдай жасауға;

2.1.7. оқу тәртібінің іс жүзіндегі нормативіне сәйкес Оқушыны демалу және тамақ ішу үзілістерімен қамтамасыз етуге;

2.1.8. Оқушының мектептегі ғылыми, мәдени және спорттық іс-шараларға қатысуға мүмкіндік беруге;

2.1.9. Заңды өкілді оқу бағдарламасының шарттарымен, бағалаумен, Ішкі ережемен, сондай-ақ оқу мен тәрбиені ұйымдастыру бойынша негізгі құжаттармен таныстыруды.

2.1.10. Оқушының Заңды өкіліне осы Келісім-шарттың 1.1 тармағында көрсетілген білім беру қызметтерін берудің орынды еместігі туралы, оның жеке ерекшеліктеріне байланысты қызметтерді ұсыну немесе педагогикалық тұрғыдан мүмкін еместігін хабарлауға;

2.1.11. Оқушы Мектепте болған уақытында оның өмірі мен денсаулығының сақталуын қамтамасыз етуге. Егер Оқушының өмірі мен денсаулығына қауіп төнген факті болған жағдайда, Заңды өкілге ондай қауіп туралы дереу хабар беруге;

2.1.12. Заңды өкілдің араласуын қажет ететін күтпеген жағдайлар туындаған жағдайда, олар туралы Заңды өкілге дереу хабар беруге. Егер Заңды өкіл қандай да бір себептермен осы Келісім-шартта қарастырылған әрекеттерді орындай алмаса, ол басқа тұлғаға ол үшін осындай әрекеттерді орындауды сеніп тапсыруға құқылы. Бұл жағдайда тұлға Заңды өкілдің белгілі бір әрекеттерін жасауға сенімхат Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес нотариалды куәландырылуы тиіс;

2.1.13. «Қаржы орталығы» АҚ білім беру тапсырысын жариялау туралы Заңды өкілге хабарлауға.

2.2. Мектеп құқықтары:

2.2.1. Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерінде қарастырылғандай заңды өкілден бала тәрбиесі жөніндегі міндеттердің тиісті түрде орындалуын талап етуге;

2.2.2. Оқушыдан осы Келісім-шартқа, Ішкі тәртіпке және мектептің басқа да нормативтік құжаттарына сәйкес міндеттерді адал және тиісінше орындауды, Мектептің мұғалімдеріне, қызметкерлер мен оқушыларға дұрыс және құрметпен қарауды талап етуге;

2.2.3. Оқушылардың оқу бағдарламасының мазмұнын игеру үшін оқыту әдістерін өз еркімен анықтауға;

2.2.4. оқу жоспарлары мен оқу процесінің кестесін дербес анықтауға және бекітуге;

2.2.5. Оқушыдан Мектептің мүлкін құрметтеуді, компьютерлік техникамен жұмыс істеу ережелерін сақтауды талап етуге. Оқушының әрекетінен материалдық залал келтірілген жағдайда, Заңды өкілден Ішкі ережелерде және қолданыстағы Қазақстан Республикасы

заңнамада көрсетілген тәртіпте оны қалпына келтіруге кеткен шығындарды өтеуді талап етуге;

2.2.6. Оқушыны оқу, ғылыми және шығармашылық қызметте табысқа жету үшін моральдық көтермелеу шараларды жасау мен ынталандыруға;

2.2.7. Оқушыға осы Келісім-шарттың, Ішкі Ереженің талаптарын бұзғаны үшін тәртіптік шаралар қолдануға;

2.2.8. Назарбаев Зияткерлік мектептеріндегі жазғы мектептің жұмысын ұйымдастыру жөніндегі Нұсқаулыққа сәйкес Жазғы мектептің демалыс кезінде Оқушыларға қосымша білім алу мүмкіндігін ұйымдастыруға;

2.3 Заңды өкіл міндетті:

2.3.1. 1-қосымшаға сәйкес оқу мен тұру үшін осы Келісім-шарттың 8-бөлімінде көрсетілген төлемдер мен кепілдік жарнаның белгіленген мөлшерде және мерзімде Мектептің есеп айырысу шотына жүргізілуін қамтамасыз етуге;

2.3.2. байланыс телефонының және тұрғылықты жерінің өзгегені жайында Мектепке дереу хабарлауға;

2.3.3. Мектептің өтініші бойынша егер Мектептің, Оқушының мінез-құлқына немесе оның білім беру қызметтерін алуға көзқарасына қатысты шағымдары болса әңгімеге келуге;

2.3.4. Мектептің мұғалімдеріне, әкімшілік-басқарушылық және техникалық қызметкерлеріне құрмет көрсетуге;

2.3.5. Мектептің талаптарына сәйкес Оқушыға қажетті кеңсе тауарларымен қамтамасыз етуге;

2.3.6. Мектепке барар алдында Оқушының сыртқы келбетін күнделікті бақылауға, мектеп формасының жағдайын бақылауға, кір болған жағдайда уақытында жууға, қажет болған жағдайда жөндеуге;

2.3.7. Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген тәртіппен Оқушы Мектепке материалдық залал келтірген жағдайда толық материалдық жауапкершілікке тартылады, оның ішінде Оқушы оқу жабдықтарға, компьютерлік техникаға, сонымен қатар Мектептің кітапхана қорына (кітапхананың оқу залынан әдебиеттерді өз бетінше алып кету, кітаптарды бүлдіру/беттерді жырту/, кітаптың кітапханаға уақытында қайтарылмау, кітапты жоғалту үшін және т.б.) зиян келтіргені үшін жауап беруге;

2.3.8. Мектептегі барлық сабақтарға Оқушының қатысуын қамтамасыз етуге, соның ішінде Оқушының сабаққа дейін жеткузге және сабақтан кейін Мектептен үйге дейін жеткізуге, сонымен қатар Мектептің іргелес аумағында автотұрақ ережелерін сақтауға;

2.3.9. егер Оқушы ауруына байланысты және басқа да дәлелді себептермен сабаққа келмесе Заңды өкіл тәулік ішінде осы жағдайды растайтын құжаттармен кураторға кез-келген тәсілмен (телефон, электронды пошта және т.б.) хабарлауға;

